

05.03.2014

«Саттар қанаттанған қала» – сексенд**Сандуғаш ТЕЛПЕКБАЕВА,
кітапхананың өлкетану бөлімінің меңгерушісі**

Көше мерекесінің шымылдығы Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы бастығының міндетін атқарушы Еркебұлан Ағымбаевтың құттықтау сөзімен ашылды. С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының актері, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Кенес Жұмабеков жазушының «Менің құрдастарым» романының желісі бойынша бұдан қырық жыл бұрын театр сахнасында қойылған спектакльден үзінді орындап, жиналған жастардың жүректеріне Саттар шығармалары кейіпкерлерінің арасындағы достық пен адалдық сезімдерінің нұрын шашты.

Сөз кезегін алған Қазақстан журналистер одағы сыйлығының лауреаты, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің ардагер қаламгері Аман Жанғожин Саттар сынды жалынды публицист-жазушының Қарағандыда еңбек еткен кезеңдегі шығармашылығына шолу жасады. Өткен ғасырдың 30-жылдарының басында жана ғана қанатын кеңінен жая бастаған көмір алыбының абырой-атағын еселей түсуге асыққан дарынның бірі Саттар Ерубав еді. Ленинградтың беделді оқу орнын тәмамдаған нәбәрі 20 жасар жігіт қалалық «Қарағанды пролетариаты» газетінде бір жылдай басылым редакторының орынбасары қызметін атқарғаны мәлім. Осы бір жыл оның аққан жұлдыздай қысқа ғұмырының қалған кезеңіне, бүкіл шығармашылығына қатты әсер етті. Қарағандыда ол тамаша новеллалар, балладалар, очерктер мен фельетондар жариялап, қалалық газетті жайнатып жібереді. Соның ішінде, «Қазақ тілін жек көретін шахтком», «Адасқан бөтелкелер», «Тышқан ауылындағы оқиға» деп аталатын шығармаларының кезіндегі латын әрпімен басылған көшірмелері жиналғандар назарына ұсынылды. Саттар шығармашылығын зерттеп жүрген ардагер журналист сондай-ақ, С.Ерубавтың түрлі лақап аттарымен жарияланған, қалың оқырманға беймәлім өлеңдері мен аудармаларын таныстырды. Оларды талдап, жария етпек ойымен бөлісті. «Саттар не бары 23 жыл жасаса да, артына өшпес мұра қалдырып кетті. Ол біздің санамызда мәңгі жасыл желектей, сол жалындаған жас қалпында қала бермек», – деп аяқтады әңгімесін Аман Жағдаұлы.

Жазушының шығармашылығы, өмірі туралы мағлұмат алған оқырман қауым қаламыздың әсем ғимараттары мен сән-салтанаты жарасқан С.Ерубав көшесіне саяхат жасады. Көше бойында орналасқан ірі мекеме-ұйымдардың, жоғары оқу орындары мен кәсіпорындарының өкілдері және көшенің байырғы тұрғындарының бір тобы мерекенің өтуіне өзіндік үлестерін қосты.

ҚР Құрметті архитекторы, ҚарМТУ «Архитектура және дизайн» кафедрасының доценті Сергей Лебедев, Қазақстанның Құрметті журналисі Екатерина Кузнецова, көмір өнеркәсібінің құрметті қызметкері, «Шахтер даңқы» белгісінің толық иегері Валерий Мудров жиналғандар алдында осы көшенің бойындағы ірі ғимараттардың, тек бұл көше емес Қарағандының әр аймағындағы әсем үйлердің қалай бой көтергені жайында, қала құрылысының өткен іздерінен естеліктер айтып, жазушының есімін қала тұрғындары, әсіресе, жас буынның біліп жүруіне, құрмет көрсетуге үндеді.

Осы көшенің бойында орналасқан облыстық клиникалық емхана, Қарағанды «Болашақ» университеті, облыстық ішкі істер департаменті, №92 гимназия, балалар мен жасөспірімдер сарайы, облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, «Видергебурт» неміс орталығы, «Арко» ЖШС баспаханасы өкілдері өз мекемелерінің тарихы, жұмысы, қаламыздың өркендеуіне қосқан үлестері жайында ойларын ортаға салды. Көтеріңкі көңіл күймен ажарлана түскен мерекеде гүлденген еліміз жайлы рухты әндер орындалды.

Шараның шарықтау шегі «Саттар қанаттанған қала» атты виртуалды көрменің тұсаукесері болды. Оқырмандар жүрегінің төрінен орын алған көрмедегі мәліметтер олардың қызығушылықтарын арттыра түсті. Олар туған қаланың тарихы, Саттар мен оның атындағы көше туралы деректермен заман талабына сай PDF форматында электронды кітапхана арқылы пайдалана алады.

Кітапхана директоры Дина Аманжолова жиналғандарды қаланың, көшенің мерекесімен құттықтап, шараға белсенді қатысқан азаматтарға Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының алғыс хаттарын тапсырды.

Жалпы, мұндай мерекелер тұрғындардың туған қала тарихы туралы молырақ мәлімет алуына, жастардың отансүйгіштік рухта тәрбиеленуіне септігін тигізеді деген сенімдеміз.